

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2023 жыл 1-ші апта

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі:27-03.03.2023ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	-Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру; -Көңіл-күйін сұрау; -Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Үстел үсті ойыны №8 «Шаршы қатар» қатарларды толықтыру, бір гүлдің екінші рет қайталанбауын қадағалау.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті. «Ана» туралы әндер тыңдау, әнге әсерлену, мағынасын түсініп, әңгімелеу. (Музыка)	Үстел үсті ойыны Пазылдар әлемі №1 картотека Пазылдардан түрлі көктемгі табиғат бейнелерін құрап шығу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Балалардың қалаулары бойынша үстел үсті ойындарын ұйымдастыру, бақылау, сұрақтарға жауап алу.	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Өздері қалаған гүлдің суретін үлгіге қарап бейнелеу және бояу.
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. (музыка)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық шеңберіне жиналу. Қағаздан жасалған бәйшешек гүлін бір-біріне шеңбер бойымен бере отырып жылы сөздер айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Математика негіздері Көктем мезгіліне байланысты заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №66	Математика негіздері Аналар мерекесіне байланысты заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №66	Сауат ашу негіздері Буындардан аналар мерекесіне байланысты сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №50 картотека «Буындар»	Математика негіздері Түрлі заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №66 картотека «Артығын тап»	Сауат ашу негіздері Буындардан гүлдерге байланысты сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №50 картотека «Буындар»

	картотека «Артығын тап» Сөйлеуді дамыту «Анамның мерекесі» тақырыбында сөйлем құрау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Дидактикалық тапсырма: «Суретке қарап сөйлем құрау» Дидактикалық ойын түріндегі тапсырама №57 картотека «Сөз, сурет, сөйлем» Қазақ тілі Көктем мезгіліне байланысты шағын өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақтар шешу. <i>Күн ұзарып қар еріп, Су сайларға толады, Бұл қай кезде болады?</i> (Көктем) <i>Ақ тоным еріп кетті, Көк тоным келіп жетті.</i> (Қар мен көктем) Дене шынықтыру Заттардың ,кеглдердің арасымен жүру, қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар түрлерін жасау. Спорттық ойын: Төбешіктен бір-бірлеп және	картотека «Артығын тап» Көркем әдебиет «Бәйшешек» ертегісіндегі әдеби кейіпкерлердің белгілі бір іс әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Дидактикалық ойын №61 картотека «Гүлдерді орналастыр» Сауат ашу негіздері Буындардан көктем мезгіліне байланысты сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №50 картотека «Буындар» Дене шынықтыру Жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүруді пысықтау. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар түрлерін жасау. Спорттық ойын: Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды жалғастыру.	Музыка Өнді орындауда музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, «Қаражорға» биін билету Муз.тыңдау: «Көктем келді» Б.Бейсенова Ән үйрену: «Анажаным» б.Бейсенова Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп «Анама сыйлық» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, қиынды пішіндерден бейнені құрастыру. Қоршаған ортамен таныстыру Мемлекеттік мерекенің (Халықаралық әйелдер күні) маңыздылығын түсіну, белсенді қатысу. Ақ маман <i>Еркелесем, күлімдейтін, Ұрысқаны білінбейтін. Маңдайымнан иіскеп менің, «Құлыншағым, күнім!» - дейтін.</i> <i>Әлемдегі ақылды адам, Бәрінен сол жақын маған! Ол жанымда жүрсе,менде Батырларша батылданам.</i> Ф. Оңғарсынова	Сөйлеуді дамыту «Көктем келді» тақырыбында сөйлем құрау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Дидактикалық тапсырма: «Суретке қарап сөйлем құрау» Дидактикалық ойын түріндегі тапсырама №57 картотека «Сөз, сурет, сөйлем» Дидактикалық ойын түріндегі тапсырама №57 картотека «Сөз, сурет, сөйлем» Қазақ тілі Аналар мерекесіне байланысты шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату. <i>Нұрын төккен күндейсің, жылытатын жерімді. Хош иісті гүлдейсің, көркейтетін төрімді.</i> <i>Таудан аққан бұлақтай, мөлдір сенің мінезің. Жайқаласың құрақтай, ару анам, бір өзің.</i> <i>Қадіріңді біледі, ардақтысың бәріне. Амандығың тіледі, жас бала да, кәрі де.</i> Ерлан Ахмет Музыка	Көркем әдебиет Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану. Жаңылтпаш жаттау. <i>Гүл-гүл жайнап жер-аспан, Гүрілдейді сайда өзен, Гүлжазира жарасқан, Гүлдерімен қай кезең?</i> Дидактикалық ойын №61 картотека «Гүлдерді орналастыр» Қоршаған ортамен таныстыру Мемлекеттік мерекенің (Халықаралық әйелдер күні) маңыздылығын түсіну, белсенді қатысу. Ақ маман <i>Еркелесем, күлімдейтін, Ұрысқаны білінбейтін. Маңдайымнан иіскеп менің, «Құлыншағым, күнім!» - дейтін.</i> <i>Әлемдегі ақылды адам, Бәрінен сол жақын маған! Ол жанымда жүрсе,менде Батырларша батылданам.</i> Ф. Оңғарсынова Дене шынықтыру Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар түрлерін жасау. Спорттық ойын: Төбешіктен
--	---	--	--	--	---

	екі-екіден шанамен сырғанау.			Әнді орындауда музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, «Қаражорға» биін билету Муз.тыңдау: «Көктем келді» Б.Бейсенова Ән үйрену: «Анажаным» б.Бейсенова	бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды жалғастыру, пысықтау.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. (қазақ тілі) Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. (музыка)				
Серуен	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Желді бақылау. Желдің соғуы және түрлері: салқын жел, самал жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Қимылды ойын №5 картотека «Үйшік» Балалардың еркін ойын әрекеті	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бұлтты бақылау. Бұлттың түзілуі және оның түрлері: шарпы, будақ және қабатты бұлттар. Жұмбақ жасыру. <i>Аспанға ұшар бу болып</i> <i>Жерге қайтар су болып.</i> (Бұлт) Қимылды ойын №9 «Торғайлар мен қарғалар»	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту. (қазақ тілі) Еркін ойын әрекеті. Еркін ойын әрекетінен оралып судың мұзға айналғанын көру, түсінгенін әңгімелеу. Мұздың кішкене бөлігін ыдысқа салып ішке алып кіру, еріп, суға айналғанын көру, түсінгенін әңгімелеу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту. (қазақ тілі) Ұлттық ойын «Соқыр теке» Балалардың еркін ойын , еңбек әрекеті. Қатарға жиналып, серуеннен алған әсерлерін айту. (қазақ тілі)	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Ауа райын, желді бақылау. Ауызбен үрлеу арқылы желдің дауысын салу. Әрекеттен алған әсерлерін әңгімелеу, тәрбиеші сұрақтарына жауап іздеу. Еркін ойын әрекеті. Қатарға жиналып, серуеннен алған әсерлерін айту. (қазақ тілі)
Серуеннен оралу	-Топқа оралуға дайындалу, қатарға тұру; -Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; (еңбек іс-әрекеті) -Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; (еңбек іс-әрекеті) -Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; (қарым-қатынас іс-әрекеті) -Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. (қазақ тілі)				

Балалармен жеке жұмыс	Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті. Аз қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Ұшпайтын заттарды қалауы бойынша бейнелеу.	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті «Анама сыйлық» тақырыбында бейнелеу, салған суреттерін достарына көрсетіп, әңгімелеу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті. «Кітап бұрышына саяхат» Көктем мезгілі туралы көркем шығармалармен таныстыру, оқып беру, әсерлендіру, әңгімелеу.	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті «Бұлт пен жаңбыр» тақырыбында бейнелеу, салған суреттерін достарына көрсетіп, әңгімелеу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті. Апта қортындысы бойынша «Бақшадағы бір күнім» тақырыбына постер дайындау. Балаларды ұжымдық жұмысты орындай білуге үйрету, ұзын-қысқа, түзу жолақшаларды кесу, кию, постерді әдемілеу, сәндеу және түсіндіріп бере алу.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде көктем мезгілі, аналар мерекесі туралы әңгімелесуге, түсіндіруге кеңес беру Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2023 жыл 2-ші апта

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 6-10.03.2023ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	-Әдепті түрде сәлемдесу; -Көңіл-күйін сұрау; -Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті «Көктем» тақырыбында презентация тамашалау, көктемгі табиғаттан әсер алу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Көктем мезгілі туралы жұмбақтар жасыру.		Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Үстел үсті ойыны №13 картотека «Оюлар әлемі» Түрлі үлгілерге қарап оюларды орналастыру.	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Кітап, журнал беттерінен көктем мезгілі суреттерін қарау, әңгімелеу.
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертенгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен орындау. (музыка)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық шеңберіне жиналу. <i>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған, Жер ана! Сәлем саған, Нұрлы күн!</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Математика негіздері Түрлі күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Қолданылатын заттар: Домбыра, ыдыстар, ойыншықтар, киіз үй, құс ұясы. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №18 «Неден жасалған?» <i>(ағаштан, киізден, пластиктен)</i> Сөйлеуді дамыту «Көктем келді» тақырыбында әңгімелеу. Сөйлеу әдебін білу, интонация бойынша сөйлемдерді сөйлегенде қолдана білуді одан әрі	Математика негіздері Түрлі күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Қолданылатын заттар: Муз аспаптар, ойыншықтар, т.б Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №18 «Неден жасалған?» <i>(металдан, резеңкеден)</i> Көркем әдебиет Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану. Сауат ашу негіздері Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем		Математика негіздері Түрлі күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Қолданылатын заттар: Сазсырнай, қыш құмыра, ыдыстар, ойыншықтар, терезе т.б Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №18 «Неден жасалған?» <i>(шыныдан, балшықтан)</i> Сөйлеуді дамыту «Көктемгі адам еңбегі» тақырыбында әңгімелеу. Сөйлеу әдебін білу, интонация бойынша сөйлемдерді сөйлегенде қолдана білуді одан әрі жетілдіру. Дидактикалық тапсырма:	Сауат ашу негіздері Көктемгі мерекелер туралы сөйлем құрау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №51 картотека «Суретті сөйлем» Көркем әдебиет Жаңылтпаш жаттап, жұмбақ шешу арқылы шешендік сөз өнеріне баулу. Қоршаған ортамен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы

	жетілдіру. Дидактикалық тапсырма: «Суретке қарап сипаттау» <i>Берілген суретті ерекшелігіне қарай сипаттап беру.</i> Қазақ тілі Көктем мезгілінің келуімен киіз үйді, ұлттық тұрмыстық заттарды байланыстыру. Сөздік қорларын қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру Дидактикалық ойын №67 «Киіз үй» <i>(Топқа бөлініп киіз үй ішін қалауларынаша жабдықтау, әңгімелеп беру)</i> Дене шынықтыру Тепе -теңдікті сақтауда арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруді, гимнастикалық скамейка бойымен жүру түрлерін жалғастыру, дағдыларын одан әрі шыңдау. Ұлттық ойын: «Арқан тарту»	құрау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №51 картотека «Суретті сөйлем» Дене шынықтыру Секіру бойынша оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан секіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің жанына және бір-бірінің артына сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу дағдыларын одан әрі дамыту, шыңдау. Ұлттық ойын: «Теңге алу», «Қол күрес»		«Суретке қарап сипаттау» <i>Берілген суретті ерекшелігіне қарай сипаттап беру.</i> Қазақ тілі Көктем мезгілінің келуімен киіз үйді, ұлттық тұрмыстық заттарды байланыстыру. Сөздік қорларын қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру Дидактикалық ойын №68 «Оюлы кілемше» <i>(Топқа бөлініп берілген кілемшенің оюларын орналастыру, үйлесімді орналасуына мән беру)</i> Музыка Домбыра аспабында ойнаудың, шертудің қарапайым тәсілдерін үйрену, ұлттық музыкалық аспаптардың үнін қабылдау, танып білу. Муз.тыңдау: ХӘ «Еркем-ай» домбыра аспабында	білімдерін кеңейту. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма. № 70 картотека «Байланыс сызығы» <i>Тірі табиғат пен өлі табиғат бейнелерін қажеттілігіне қарай сызқпен байланыстыру.</i> Дене шынықтыру Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың ұйымдастыруымен түрлі қимылды ойындар мен ұлттық ойындар.
--	---	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. (қазақ тілі) Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. (мұзыка)				
Серуен	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Қардың еруін бақылау, еріген қардың суға айналып жерге сіңіп кететінін түсіну. Еңбек: Бақша ауласына кішкене су ағатын жылғалар жасау. Қалаулары бойынша қимылды ойындар	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Көктемгі ағаштарды бақылау, ағаштардың бүр жаруға дайындалып жатқанын әңгімелеу. Еңбек: Ауладағы ағаш түптерін қопсыту Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек»		Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Күнді бақылау Күннің шуағын, жылуын бақылау, қыс мезгілінен айырмашылығын әңгімелеу. Балалардың еркін ойын әрекеті.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Көктемгі желді желді бақылау Жұмбақ жасыру: <i>Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз).</i> <i>Ойнап жүріп топ бала Жасап алдық аққала.</i> Қардан аққала жасау. Балалардың еркін ойын әрекетін бақылау.
Серуеннен оралу	-Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру; -Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; (еңбек іс-әрекеті) -Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; (еңбек іс-әрекеті) -Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; (қарым-қатынас іс-әрекеті) -Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. (қазақ тілі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. «Кұстар» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын танысытырып әңгімелеу	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. «Өсімдіктер» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын танысытырып әңгімелеу.	.	Үстел үсті ойыны №11 картотека «Сөзжұмбақ» Суретіне қарап сөзжұмбақты шешу. Қиылған дыбыстарды тәрбиешімен бірге орналастыру.	Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті. Ермексаздан қалаған мүсіндерін мүсіндеу. Жұмысын таныстырып әңгімелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	Дидактикалық ойын «Өзара айырмашылығын тап» Берілген ұқсас бейнелердің	Музыка іс әрекетінен берілген әнді әуенімен еске түсіру, сөзін қайталап жаттау.		Қалаулары бойынша топтарға бөлініп кітап қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау. (Қазақ тілі)	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі. Ауызекі сөйлеуде мақал-

әрекеттер)	айырмашылықтарын тауып санау.				мәтелдерді қолдану, жаттау. <i>Көктемгі әрекет, күзгі берекет.</i>
Балалардың үйге қайтуы	Үйде көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесуге кеңес беру Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2023 жыл 3-ші апта

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі:13-17.03.2023ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	-Әдепті түрде сәлемдесу; -Көңіл-күйін сұрау; -Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті «Ұлттық салт-дәстүр» тақырыбында презентация тамашалау, әсер алу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Салт-дәстүрлер туралы жұмбақтар жасыру. Суреттерге қарай отырып салт-дәстүрдің атауын табу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Үстел үсті ойыны №6 «Домино»	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті Үстел үсті ойыны №13 картотека «Оюлар әлемі» Түрлі үлгілерге қарап оюларды орналастыру.	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Кітап, журнал беттерінен салт-дәстүр суреттерін қарау, әңгімелеу.

Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен орындау. (музыка)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық шеңберіне жиналу. <i>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған, Жер ана! Сәлем саған, Нұрлы күн!</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Математика негіздері Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру. Қолданылатын заттар: Ағаштан жасалған ұлттық бұйымдар. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №18 «Неден жасалған?» Сөйлеуді дамыту «Асар» дәстүрімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, мәнін түсіндіру. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма Картотека №71 «Ұлттық тағамдар қазаны» <i>Әр ұлттың тағамдарын</i>	Математика негіздері Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру. Қолданылатын заттар: Киізден жасалған ұлттық бұйымдар Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №18 «Неден жасалған?» Көркем әдебиет Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану. Санамақ жаттау. <i>Бір – дегенім бірлік, Бірге ойнап күлдік. Екі – дегенім елім, Ата - мекен жерім. Үш - дегенің үй,</i>	Сауат ашу негіздері «Тұсау кесер» дәстүрі туралы сөйлем құрау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №51 картотека «Суретті сөйлем» Музыка Домбыра аспабында ойнаудың, шертудің қарапайым тәсілдерін үйрену, ұлттық музыкалық аспаптардың үнін қабылдау, танып білу. Муз.тыңдау: ХӘ «Еркем-ай» домбыра аспабында	Математика негіздері Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру. Қолданылатын заттар: Саз балшықтан жасалған ұлттық бұйымдар Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма №18 «Неден жасалған?» Сөйлеуді дамыту «Сүйінші сұрау» дәстүрімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, мәнін түсіндіру. Дидактикалық ойын Картотека №72 «Соқыр теке» <i>Берілген бейнелерді бір қарап есте сақтау, көзді жұмып ашып, жоғалған</i>	Сауат ашу негіздері Камшыға, жылқы малына байланысты салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар туралы сөйлем құрау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №51 картотека «Суретті сөйлем» Көркем әдебиет Жаңылтпаш жаттап, жұмбақ шешу арқылы шешендік сөз өнеріне баулу. Жалғасы... <i>Алты - асау арғымақ, Мінсең шабар арқырап..</i>

	өз қазандарына салу. Қазақ тілі Сөздік қорларын қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған тұрмыстық заттарды білдіретін (арқан, жіп) сөздермен толықтыруды жалғастыру. Ұлттық арқан есу, жүн иіріп жіп жасау жолдарымен таныстыру. <i>Дидактикалық ойын №68 «Оюлы кілемше»</i> Дене шынықтыру Тепе -теңдікті сақтауда арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруді, гимнастикалық скамейка бойымен жүру түрлерін жалғастыру, дағдыларын одан әрі шыңдау. Ұлттық ойын: «Арқан тарту»	Үйсіз оңбас күй. <i>Төрт атақты төрт мүлік, Төрт мүлікте тоқшылық. Жылқы, сиыр, қой, ешкі Өсір бәрін көп қылып. Бес – қолында бес саусақ Іске даяр тұр самсап. Жалғасы бар...</i> Сауат ашу негіздері Бесікке байланысты салт-дәстүр туралы сөйлем құрау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар №51 картотека «Суретті сөйлем» Дене шынықтыру Секіру бойынша оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан секіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің жанына және бір-бірінің артына сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу дағдыларын одан әрі дамыту, шыңдау. Ұлттық ойын: «Теңге алу», «Қол күрес»	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп «Киіз үй» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Ою өрнектермен көктем мезгілін байланыстыру. Қоршаған ортамен таныстыру Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма. №73 картотека «Қажет заттар»	бейнені табу. Қазақ тілі Сөздік қорларын қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кілем, алаша, ши) сөздермен толықтыру. Ұлттық «Кілем», «алаша» түрлері туралы білімдерін кеңейту. Жасалу жолдарын әңгімелеу. Дидактикалық ойын №68 «Оюлы кілемше» Музыка Домбыра аспабында ойнаудың, шертудің қарапайым тәсілдерін үйрену, ұлттық музыкалық аспаптардың үнін қабылдау, танып білу. Муз.тыңдау: ХӘ «Еркем-ай» домбыра аспабында	<i>Жеті - туған жеріміз, Біз – туған жер төліміз. Сегіз - дегенің салтанат, Ел жиналар анталап. Тоғыз – торғын тоғайың, Бауыр, туыс, ағайын. Он – Отанның ардақты, Ол – қорғаның салмақты. Сені ақылды болар деп, Бар тілегін арнапты.</i> Қоршаған ортамен таныстыру Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма. №73 картотека «Қажет заттар» Дене шынықтыру Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың ұйымдастыруымен түрлі қимылды ойындар мен ұлттық ойындар.
--	---	---	---	--	---

Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. (қазақ тілі) Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. (музыка)				
Серуен	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Қардың еруін бақылау. Қардың қандай қарқынмен еріп жатқанын (жылдам, баяу) әңгімелеу. Еңбек: Өздері жасаған су ағатын жылғаларды тазалау. Жұмбақ: <i>Жылт-жылт етеді, Жылғалардан өтеді. (Су)</i> Қимылды ойын: «Мұз сүңгілері» Картоннан немесе тақтайдан жасалған мұз сүңгілеріне секіре отырып аяқты суламау. Шапшыңдылық пен ептілік таныту.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Қайың ағаштарды бақылау, ағаштардың бүр жаруға қандай қарқынмен дайындалып жатқанын әңгімелеу. Еңбек: Ауланы қоқыстан тазалау. Көркем сөз: «Жас шыбық» А.Меңдібай <i>Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады.</i> Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Балалардың еркін ойын әрекетін бақылау.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Айналадағы адамның көктемгі еңбегі. Еңбек: Гүл отырғызатын орындарды тазалау Мақал: <i>Еңбегің қатты болса, Татқаның тәтті болар.</i> Балалармен ақылдаса отырып, қалаулары бойынша Ұлттық ойын түрін ойнау.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау: Бұлтты бақылау Сұрақтар: Аспанға қарасақ бірінші нені көреміз? (Бұлтты) Бұлтты неге ұқсатасындар? (Мақтаға) Қарандаршы, бұлттар қозғалыстама? (Иә) Көркем сөз «Бұлт» Ә.Ақыпбекұлы <i>Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы.</i> Балалардың еркін ойын әрекеті.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Бақылау:Шырша ағашын бақылау. Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру. Ағаштардың көктемгі өзгерісі туралы білімдерін кеңейту. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. Мақал <i>Күтіп баптамасаң Ағашта аспандап өспес.</i> Балалардың еркін ойын әрекетін бақылау.
Серуеннен оралу	-Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру; -Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; (еңбек іс-әрекеті) -Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; (еңбек іс-әрекеті)				

	-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; (қарым-қатынас іс-әрекеті) -Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. (қазақ тілі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. «Бесік» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Бесікке байланысты салт-дәстүрмен танысу.	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. «Қамшы» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын танысытырып әңгімелеу.	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет Үстел үсті ойыны №1 «Пазлдар әлемі» Топтарға бөлініп пазлдар құрастыру. (Еңбек іс-әрекеті) Пазлдарды өз қалташасына ұқыпты жинап салу.	Үстел үсті ойыны №11 картотека «Сөзжұмбақ» Суретіне қарап сөзжұмбақты шешу. Қиылған дыбыстарды тәрбиешімен бірге орналастыру.	Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті. Ермексаздан үлгіге қарап қалаған ою-өрнектерін мүсіндеу. Ою түрлерімен танысуды жалғастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату.				
Балалардың үйге қайтуы	Үйде қазақтың салт-дәстүрлері туралы әңгімелесуге кеңес беру Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру.				

